

Пән аты: Өзін-өзі тану

Сынып: 5

Тарау: Таным қуанышы

Сабақ № 5

Сабақтың тақырыбы: «Танымға бастар жол»

## Жағымды көңіл күй

*Айналадан жақсыны көріп, танып біле білген адам әрқашан ізденіс үстінде болады және өзінде, өзгені де шабытқа бөлейді. Ал шабыттанған адам ізгі әрекеттер жасайды. Әрбір жанның кішкене ғана болса да қандай да жақсы ісі әлемнің жақсара түсуіне септігі тиеді және өзінің де үлкен армандарын қолжетімді етеді. Әрқайсымыз білімді болып, білімді жақсылыққа жұмсауды үйренейік!*

<https://youtu.be/uDgb1Rtshol>

## Үй тапсырмасын тексеру

20-21 беттегі «Қожа Ахмет Йассауи» аңызы.

### Сұрақтар:

1. Ахметтің жақсы білім алуына кімдер ықпал етті?
2. Мұғалім балаларға үйге қандай тапсырма берді?
3. Неліктен Ахмет басқа балалар тәрізді сабаққа қоразды ешкімге көрсетпей сойып әкелмеді?
4. Ахметтің іс-әрекетінен нені ұғуға болады?
5. «Ар-ұзданым бәрін көріп тұр» дегенді қалай түсінесіңдер?
6. Ар-ұзданына сүйенген адам қандай әрекет жасайды?
7. Ахметті қандай бала деп сипаттайсыңдар?

## Дәйексөз

*Жақсыдан үйрен,  
Жаманнан жирен.*

*Халық нақылы*

### **Талдау сұрақтары:**

1. «Жақсы» деген немене?
2. «Жаман» деген немене?
3. «Үйрену» мен «жиренудің» мағынасын қалай түсінесіңдер?

# Оқиға айту, әңгімелеу

Тақырыбы: **Қарияның даналығы**  
**Аңыз**

Бейнефильм сілтемесі: 

<https://youtu.be/riYf8cCjStc>

## Талдау сұрақтары:

1. Қария ұлдарына қандай тапсырма берді?
2. Қария ұлдарын тапсырманы орындатуға бәрін бірге жібере ме әлде біртіндеп жібере ме? Не себептен біртіндеп жіберді?
3. Ұлдарының айтқандары шындық болса да, бірақ көргендері дарақтың нақты бағасын беруге неліктен жеткіліксіз деп санайды қария?
4. Жыл мезгілдеріне орай ағаштың қалпын көру арқылы ұлдарына қария не үйреткісі келді?
5. Ұлдарының бойынан қандай қасиеттерді байқап, көре білдіңдер? Ал қарияның ше?
6. Қоршаған ортаны, адамды, әлемді тану жолында қандай құндылықтарға сүйенсе алған білім берекелі болмақ?

## **Шығармашылық жұмыс**

**1 топ:** Жақсы істердің кластерін құрастырады.

**2 топ:** «Жақсылық жасай білемін» тақырыбында сахналық көрініс дайындайды.

## Жобалау қызметі

«Қайырымдылық – қайырлы іс» акциясының жоспарын құру (топқа бөлініп, әр топта 5 оқушыдан аспайды)

### Жоспар құруға бағыт:

1. Акцияны қандай мақсатпен өткізесіңдер?
2. Өткізу үшін қандай міндеттерді аласыңдар?
3. Кімдер арасында өткізесіңдер?
4. Қай уақытта өткізесіңдер?
5. Міндеттерді қалай бөлісесіңдер? (кім не үшін жауапты соны анықтау)
6. Қандай шара түрінде өткізесіңдер?
7. Қандай құрал-саймандар қажеті барын анықтайсыңдар.
8. Барлығы анықталып болған соң, жоспарды реттеп жазасыңдар.



## Үй тапсырмасы

Оқулықтың 22-23 бетіндегі «Қайырымдылық»  
аңызын оқып келу.

# Топпен ән айту

## Достар әні.

Сөзі: Фариза Оңғарсынованікі

Әні: Айжігіт Асановтікі

Ақ қарамыз, сарымыз.  
Тату доспыз бәріміз.  
Достық жайлы ән салып,  
Шырқатайық кәне біз.

Қ-сы:

Жүзімізге қараңыз,  
Бал бұл жанған баламыз.  
Бізге қымбат күн шуақ,  
Бізге қымбат Анамыз.

Күннің нұрын сүйеміз,  
Қырдың гүлін сүйеміз.  
Бізді ойнатып тәтелер,  
Күлдіргенін сүйеміз.

Қ-сы:

Балдырғанбыз арай жүз,  
Бал-бұл жанып  
қараймыз.  
Ойыншықтар біздерде,  
Көп болғанын қалаймыз.

Таласпаймыз біз бірақ,  
Отырмаймыз  
тұнжырап.  
Қуысамыз көгалда,  
Жүгіреміз құлдырап.

Қ-сы:

Ән саламыз күнде біз,  
Шаттық толы іргеміз.  
Біз мәңгіге достармыз,  
Біз мәңгіге біргеміз.

<https://youtu.be/Xa9y9kEbOK0>

# Сабақтың қорытынды сәті

Бүгінгі сабақтан сендер адам баласы үнемі игілікке, ізгілікке, жақсылыққа ұмтылған сайын оның дүниетанымы да кеңейе түсетінін байқадыңдар, сезіндіңдер деп ойлаймын. Ендеше, білім алу, дүниетанымдарыңды кеңейту жолында әркез дұрыс әрекет жасап, адалдық, жігерлілік, шыншылдық қасиеттері үнемі сендердің бойларыңыздан табылсын.